



**«Қос Қорған» жалпы орта мектебінің кәмелет жасқа  
толмаған ұлдармен жүргізілетін жұмыстардың іс-шара жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

№	Орындалатын жұмыстардың тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Кәмелет жасқа толмаған ұлдармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту және мұғалімдерге таныстыру	02.09.	С Жаппаров. Н.Асетова
2	Ұл балалардың мектеп инспекторымен кездесу жиынын ұйымдастыру	жылына екі рет	С Жаппаров. Н.Асетова
3	Кәмелетке толмаған жастардың түнгі уақытта сағат 22.00-ден кейін жүрмеуі жайлы ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу, тіл хат алу.	08.09-.09.09.	Сынып жетекшілер
4	«Темекі мен ішімдіктің зияны» барлық сыныптарда әңгіме жүргізу	14.10.	Г.Абдулхамидова
5	Сабақ уақытында кезекшілік жұмыстарын қатаң жолға қою.	Күнделікті	Тәлімгер
6	«Мен және мектеп ережесі» тәрбие сағаттар	Кесте бойынша	Сынып жетекшілер.
7	Мектепішілік «Жігіт Сұлтаны» байқауын ұйымдастыру.	Мерзімінде	Ю.Жунашова
8	«Сенің досың және жақын адамдарың» тренинг	20.01.	Ғ.Даданов Р.Алиханова
9	«Ұл тәрбиесіндегі әкенің рөлі» әкелер конференциясы	23.02.	С.Жаппаров Ата- аналар ком.
10	Тәрбиеленуі «қиын» бейім балалармен жеке әңгіме	Мерзімінде	Ғ.Даданов
11	Ұлдарға өтпелі кезеңнен өтуіне байланысты мектеп психологтары ұлдарға психологиялық көмек көрсету	13-14.03.	Ғ.Даданов
12	«Жастар нашакорлыққа қарсы» наркологпен кездесуге қатысу	13.04.	С.Жаппаров Н.Асетова Г. Абдулхамидова
13	«Мен өз елімнің патриотымын» әскери спорттық ойындар	28.04.	Ш Мажитов С.Файзуллаев
14	«Ұлды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» дөңгелек үстнл.	12.05.	С Жаппаров. Сынып жетекшілер
15	Оқу жылы барысында ұлдармен жүргізілген жұмыстарды жинақтау	18-19.05	С Жаппаров.

**Дайындаған С. Жаппаров**

## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде ұл балалармен атқарылған жұмыстар

туралы мәлімет.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Ұлан» ер балалар кеңесі жұмыс атқарады. «Ұлан» ер балалар кеңесінің төрағасы Ю.Мухиддинов, кеңес мүшелері А.Асетов, Б.Хайруллаев, Б.бабажановтар жұмыс атқарады. Ер балалар кеңесінің жылдық жоспары жасалынып бекітілген. Жоспарға сәйкес кеңес мүшелерінің қатысуымен ай - сайын ұлдармен тақыптық жиналыстар өткізіліп отырылады. Жиналыста сынып жетекшілер есеп беріп отырады, талқыға түскен тақырыпқа кеңес мүшелері өз пікірлерін айтып, шешім қабылданады. 5-11- сынып ербалаларына жауапты мұғалімдер бекітілген. Апта сайын оқушылардың тазалығы, мектеп формалары, киінуі медбике мен тәлімгер, кезекші мұғалімдер тарапынан тексеріліп барылады. Ер балалардың бос уақытын дұрыс пайдалану мақсатында мектепте Футбол, Вoleyбол, шашка-шахмат, «Жас мерген», «Шебер қолдар» үйірмелері жұмыс атқарады. Оқу жылы барысында ер балалардың қатысуымен «Жігітін сұлтаны», КВН т.б. спорттық іс-шаралар өткізіліп отырылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ер балалармен, ауылдың иамы Х.Егембердиев, ауыл ақсақалдары Ю.Қасимов, П.Бабажанов, Кентау ҚІБ-нің КТДЖБ-ның полиция майоры Ж.Ахметовтармен кездеулер өткізілді.

Мектепте ер балалардың қатысуымен «Жас өрт сөдірушілер», «Жас ұлан» әскери топтар жасақталынған және өз жұмысын атқаруда.

Оқушылардың түнгі мезгілде ата-аналарының карауынсыз журулеріне, түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын ал мақсатында мектептің мобілді топ мүшелері жоспар аясында түнгі рейдтерді ұйымдастырады, рейдтер барысында оқушылардың тунгі уақытта жүруі және түрлі келеңсіз жағдайлар орын алу факттері орын алған жоқ.

Мектебіміздің ер балаларының мінез-күлкы, тәртіп мәселелері ата-аналары мен жеке түрде және ата-аналар жиналыстарында талкыланып тұрады.

Оқу жылының басынан мектепшілік және қалалық КТДЖБ-не тіркелген оқушы жоқ.

ДТДЖО: С.Жаппаров



## Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Бұл «Неке және отбасы туралы», «Отбасылық үлгідегі балалар деревнялары және жасөспірімдер үйлері туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы», заңдары, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер және т.б.

Жасөспірімдер мен балалар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мектепте, ата-ана, құқық қорғау органдары, мемлекеттік ұйымдар, ауыл аксақалдары бірлесе отырып жиындар мен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Тәрбиеге қиындық келтіретін ерекше назардағы балалар мен жас отбасыларды дер кезінде анықтап жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына арнайы есепке алынып мектептің әлеуметтік педагогы А.Асетов кезеңімен жұмыстар жүргізілуде. Білім бөлімінің бұйрығының негізінде құрылған мобильдік топтардың жұмыстары қатаң қадағалауға алынып іс шаралары, тақырыптық рейтингтер ұйымдастырылып қортындысы талқыланып отыр. Мектепте «Сенім жәшігі» жұмыс

істеледі. Оған түскен хаттарды арнайы журналға тіркеп , тиянақты талдау жасап , баланың дамуындағы әр кезеңдегі жандүниесінің ерекшеліктерін анықтап , оларға өз-өзіне , қоршаған ортаға деген көзқарасын қарым –қатынас мәдениетінің қалыптасуын , әлеуметтік психологиялық тұрғыда қиындық көріп жүрген балалардың проблемаларын анықтап , оларға дер кезінде көмек көрсету жұмыстарын мектептің психолгы Ғ.Даданов күнделікті назарында ұстап отыр.

I жарты жылдықта ата-аналар мен I рет жиналыс өтіліп онда оқушылардың мектеп формасы , оқу құралдары және тәртібі туралы мәселелер көтерілді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен екі рет кездесу өткізіліп , құқық бұзушылықтың алдын алу және діни экстремизм туралы пікір алмасу жиыны болып өтті.



«Қос-қорған» жалпы орта мектебі

# Баяндама

**Тақырыбы: Жасөспірімдердің қоғамдық жерлерде түнгі сағат 22-00 ден кейін ата-аналарынсыз немесе олардың орындағыларынсыз болуына жұмыстар жүргізу.**

**Дайындаған: тәрбие ісі жөніндегі**

**орынбасары: С.Жаппаров**

## Жасөспірімдердің қоғамдық жерлерде түнгі сағат 22<sup>00</sup>-ден кейін ата-аналарынсыз немесе олардың орындағыларынсыз болуына жұмыстар жүргізу.

Қазіргі қоғамдық құрылыстың басты міндеттерінің бірі – рухани дүниесі мол, моральдық жағынан тағы, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу. Бұл міндет мектеп мұғалімдерінің ғана емес, жұртшылықтың, соның ішінде жанұяның белсенді көмегімен шешіледі. Баланы тәрбиелеуге ата-ана жеткілікті мән бермесе, бұл істің нәтижесіз болары күмәнсіз. Абай былай дейді: «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады». Сондықтан жұмыс қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы керек. Баланың болашақ өмірге алғашқы қадамы жанұяда басталатыны бәрімізге аян. Бала жақсы әдетті де, жаман әдетті де ең алдымен жанұяда алады. Бір мысал.

Бір әке жұмыстан келе сала: «жұмыс дегенің құрып кетсін! Жатып алып дем алғанға жететін не бар екен, шыбын жанның рахатын іздеу керек, жұмысты ақымақтар ғана істесін», - деп өзінен-өзі ызаланады. Осыны естіген 5-сыныпта оқитын баласы да «сабақ күннен-күнге қиындап барады, бас ауыртып керек не, бәрібір түсінбеймін...» деген сөзді жиі айтып, оқуға салқын қарай бастайды. Мұндай «таусылудың» неге соқтыратыны айтпай-ақ, түсінікті.

Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл, адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен, олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек. Көпшілік жағдайда балалардың бойында теріс қылықтардың пайда болу себебін жанұядағы үлкендер өздерінің жеке басынан іздемейтіні өкінішті-ақ.

Халқымызда мынадай бір сөз бар «Баланы 5 жасқа дейін патшадай сыйла, 5 жастан 10 жасқа дейін құлындай қина, 10 жастан бастап досындай сырлас» деген. Бала мен ата-ана арасын нығайтатын күш ол – махаббат, ата-ана мен баланың өзара сенімді, адал, шынайы қарым-қатынасы. Мұхтар Әуезов «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген екен. Ал біздің дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылуды көксеген еліміздің бүгінгі бесігі қалай тербелуде? Әрине, оны кесіп-пішіп айту қиын. Десе



жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай отырғандығы ғана сол бесіктің артынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге жүгінсек, ұрлық, қаракшылық, тонау фактілерін айтпағанда, тек педофилизм бойынша (ұятсыздық әрекет, зорлық-зомбылық) жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың 84-тен 95 пайызға жеткенінің өзі қаттық тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқанын аңғартатын тәрізді.

Нақтылап айтсақ, елімізде 2008 жылы 125, өткен жылы 138 қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіштен балалар қолымен жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттердің жылдан-жылға өсіп отырғанын байкатады.

Қазіргі таңда 14 пен 18 жас аралығындағы 427 жасөспірім түзету колонияларында отыр. Бұған ата-ана қарауынсыз, яғни, бақылауынсыз қалған баланы қосыңыз. Олардың да күндердің бір күнінде нан тауып жеу қамымен шатыс қадамдарға бармасына кім кепіл? Дерек көздеріне жүгінсек, елімізде 3700 шашақор бала бар екен. Бұл есепке алынғандары ғана. Салауатты өмір салтын ұстап тастыру проблемалары ұлттық орталығының мәліметінше, республикамызда соңғы кездері жасөспірімдер арасында алкоголь өнімдерін тұтынушылар саны арта түскен. Мысалы, бүгінгі күні балалардың 9,4 пайызы алкогольді ішімдіктерге қызығар көрінеді. Оның ішінде, әсіресе студенттік ортада сыра сәнді ішімдікке айналды.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балалардың жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Әке баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дептенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға зиян әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінде әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ»



дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын-алу және олардың қорғау мемлекетіміздің құқықтық саясатындағы маңызды бағыттардың бірі. Жасөспірімдердің қоғамдық жерлерде түнгі сағат 22<sup>00</sup>-ден кейін ата-аналарынсыз немесе олардың орындағыларсыз болуының алдын-алу мақсатында мектебімізде іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз.

Әр оқу жылының басында мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтеді. Жиналыстағы өзекті мәселердің бірі оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі қаралды. Ата-аналар жиналысында жасөспірімдер инспекторы майор Ержан Файзиев, майор Нәби Болдановтар қатысып, оқушыларға түнгі уақытта әртүрлі қоғамдық жерлерде жүруге тиым салынғандығын, заң алдында жауапқа тартылуы жөнінде қатаң түсіндірілді. Сонымен қатар мектепте ауылдың құрметті азаматы Зарипов Алимхан қажы мен

кездесу ұйымдастырылып, жасөспірімдерге өз ақыл-кеңестерін айтып отырады. Күнделікті таңертеңгі жиналыста мектебіміздің директоры

Т.Басанов оқушылардың тәртібін қадағалап, қалада болып жатқан әртүрлі жағдайларды түсіндіріп, кешкі уақытта әртүрлі қоғамдық орындарда «рейд» жүргізіліп ұсталған оқушыға шара қолданылатынын қатаң түсіндіріп отырады. Мектепте сыныптарда өтілетін тәрбие сағаттарында ең бірінші тәртіп мәселесі көп айтылады. Отбасы. Бала. Мектеп. Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының Иманым атты жинағында жаратылыс жұмбағы, Алла мен адам қарым-қатынасы, иман жайлы жазған туындылары қамтылған. Ой бастауы Құран Кәрімнен күйылар Шәкәрімнің сыр сөздері бүгінгі қоғамның танысымен үндес екендігі даусыз. Қазақ қауымының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін өлмес өсиет қалдырған Шәкәрім бабамыздың асыл мағыналы сыр сөздерінің жылдар өткен сайын жаңғыртатыны шындыққа айналып отыр. Сондықтан да «иманына қазақтың талапты жастарын таныс қылмақ үшін Шәкәрім бұл жинағында»:



*«Қырықтан соңғы қырымды,*

*Сынамақ болсаң түрімді,*

*Көрейін десең нұрымды,*

*Жи-дағы оқы жсырымды»,*

Немесе

*Қырықтан соңғы иманым,*

*Отыз жылдай жиганым,*

*Көп ғалымның сөзінің*

*Ақылға салдым сыйғанын,-*

деген екен.

Г.Сандыбаеваның «Иманды қыз, сүйікті жар, аяулы ана» кітапшасында мұсылман қыздары үшін ғибраты мол хадис тағылымдары сөз етіледі. Сыры мол хадистердің құпия астарын талдап түсіндіріп, салиқалы оқырманға исламның інжу-маржанын шашады. Ислам өнегесінен тәлім алуға асыққан, имандылықты жаны калайтын қыздарға арналған. «Ислам шарифатын ұстанумен молда болармын» деген кате көзқарастан аулақ болу керек. Дін-деген сенім. Алла тағаланың Жаратушы күш екеніне, Құран Кәрім мұсылман қауымның Конституциясы екеніне сеніп, амал кылған дұрыс. Имандылыққа қарама-қарсы жағымсыз сипат-имансыздық.

## Хаттама №1

Қазан айының 24 күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау және жол-көлік жарақаттануларының алдын алу мақсатында кездесу болып өтті.

**Қатысқандар:** 1. Оранғай ауыл округінің инспекторы полиция лейтенанты Р.Наршабаев

2. Мектептің 8-11- сынып оқушылары мен сынып Жетекшілері және ұл балалары.

Күн тәртібінде.

1. «Заң баршаға ортақ» тақырыбында баяндама. (Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров)
2. Жастар арасындағы құқық бұзушылық және жол көлік оқиғаларының себептері. (оранғай ауыл округінің участкелік инспекторы полиция лейтенанты Р.Наршабаев )

### Барысы:

Алғашқы сөзді мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров оқушыларға келген қонақты таныстырудан бастады. Кездесудің негізгі мақсаты: қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіп бұзушылықтың және жол-көлік жарақаттануларының көбейіп бара жатқандығынан екендігі айтылып өтілді. Мұхтар Әуезов «Ел болам десең бесіңді түзе» деген екен. Ал біздің дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылуды көксеген еліміздің бүгінгі бесігі қалай тербелуде? Әрина оны кесіп-пішіп айту қиын. Десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаныла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, тонау фактілерін айтпағанда, тек педофилизм бойынша (ұятсыздық, зорлық-зомбылық) жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың 84-тен 95 пайызға жеткенінің өзі ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді» –деген сөзбен өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша оранғай ауыл округінің инспекторы полиция лейтенанты Р.наршабаевқа сөз берілді. «Жалпы Қазақстанда әр 100 мың баланың 3,5 мыңы жол көлік апаттарынан зардап шегетіндіктерін және 2018 жылдың алғашқы бес айында елімізде әрбір төртінші жол көлік апаттары автокөліктің жылдамдығын артырудан, әрбір оныншы жол көлік



апаты карсы бағытқа шығып кеткендіктен және жолкөлік апаттарының көпшілігі автокөліктен озу, бұрылыстарда ережені сақтамау, мас күйінде жүргізудің салдарынан болатындығын ескерте отырып, жаяу жүргіншілердің және балалардың жол ережесін дұрыс сақтамауына – жаяу жүргіншілерге арналған өтетін жерден өтпеу, бағдаршамның белгілеріне бағынбау, жолды кезкелген жерден қиып өту, қоғамдық көліктерді дұрыс тоқтатпау, жол үстінде ойнау жататындығын ескерте келе жол ережесіне жауапкершілікпен қарау баршамыздың басты міндетіміз» - деп атап көрсетті.

Қазіргі кезде орын алып жатқан тәртіпті бұзушылық пен қылмыс туралы айта отырып Түркістан қаласында осы жылы орын алған қылмыстың 47-сі мектеп оқушылары жасағандығын, олардың көпшілігі сабақтарына бармай, ата-анасын алдап, үйлерді тонап, балаларды қорқыту фактілері бойынша ұсталғандар екендігін ескерте отырып бір күн сабақтан қалған оқушының ата-анасы жауапкершілікке тартылатындығын, кешкі сағ.6.00 ден кейін ойынханаларда мектеп оқушыларының жүруіне тыйым салынғанын қатаң түрде ескертіп өтті.

Қорытынды сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров алып, оқушыларға көшеде абай болуды, жол ережелерін жатқа білуді айта келіп, ата-аналарының айтқанын орындап, сабақтан қалмау керектігін және заң талаптары баршаға ортақ екендігін, оны сақтау керектігін айтып өтті.

Жиналыс төрағасы:

Мектеп директорының тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары С.Жаппаров

Хатшы:

С.Қурманбаева.







Түркістан қалалық білім бөлімі  
"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

*"Ұл бала мен  
қыз бала"*



## Ұл бала мен қыз бала

**Мақсаты:** Балалардың «сыйластық, достық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеттері:** - Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік қалыптастыру.

- Өзара сыйластық, қарым – қатынастарын дамыту;
- Инабаттылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, оқулық.

### Шаттық шеңбері.

Мұғалім балалармен бірге шеңбер құрып тұрады, бір – бірімен сәлемдеседі. Бәрі бірге өлеңді оқиды.

### Біз - туған ел баласы

Асыр салған таласып,  
Біз – туған ел баласы,  
Қандай байтақ Отанын  
Жан – жағына қарашы  
Отаным кең көсілген  
Төсінде ырыс өсірген  
Қаптаған мал, алып дән  
Бәрі менің нәсібем  
Бәрін көріп келеміз  
Болашаққа сенеміз  
Жақсы оқумен, еңбекпен,  
Біздер жауап береміз.

**Әңгімелесу.** Оқушылармен әңгімелесу.

- Ұл бала мен қыз баланың бойында қандай қасиеттер болу керек?
- Ұл бала қыз бала арасындағы достық деген сауалға өз ойларын білдіреді.

### Жағдаяттарды талдау.

Мұғалім оқушыларға сабақ тақырыбын кеңінен түсіндіру үшін жағдаяттарды талдау ұйымдастырады. Оқулықта түрлі жағдаяттарға құрылған суреттерді талдап, шешеді, шешімін сынып алдында жария етеді. Ұл бала мен қыз баланың бірін- бірі сыйлауға дағдыландыру үшін төмендегі жағдаяттар талданады:

**1.** Санжар мен Самал сыныпта қатар отырады, сөзге таласып қалған Санжар Самалға дөрекі сөз айтады. Самал жылап жібереді.

Санжардың әрекеті туралы өз пікірлерінді білдіріндер.

**2.** Сынып жетекшісі оқушыларға сынып бөлмесін жуып, тазалау керектігін айтып, тапсырма береді. Сұлтан: - Бөлмені жуу қыздардың жұмысы емес пе?! Мен істемеймін, - дейді.



Сұлтанның орнында болсандар сендер не істеген болар едіңдер?

3. Әсияны жүгіріп келе жатқан Ғалым байқамай қағып, тоқтамай өте береді. Ыза болған Әсия Ғалымды итеріп жібереді де, отыра қалып жылайды.

Әсия мен Ғалымның орнында болсандар сендер қандай шешімге келер едіңдер?

4. Жәния ауыр орындығын әрең дегенде көтеріп келе жатты, Сәкен оған жәрдемдесті. Жәния үндемеген күйі сыныптан шығып кетті.

Сәкен мен Жәнияның орнында болсандар не істер едіңдер?

- Мұғалім өз ойын түйіндеп:

- Өз ойларыңды еркін жеткізе алғандарыңа қуаныштамын. Сыныпта досыңа, ол ұл болсын, не қыз болсын дөрекі сөз айту, мынау қыздың жұмысы, ұлдың жұмысы деп бөлу, ол қыз ғой немесе ұл ғой деп кешірім сұрамау әдептілікке жатпайды.

### Мәтінмен жұмыс.

#### Кімнің жұмысы?

Алтай соңғы кезде: «Мынау қыздың, мынау ұлдың жұмысы» дегенді шығарып алды. Құндыз жұмсай қалса, соны сылтаулатып, безеріп отырып алатын болды.

Міне, бүгін де сол қынырлығына басып отыр. Таңертен шайдан кейін Құндыз:

- Үстел үстін жинай салшы, мен сабағымды даярлайын, - деп еді.

- Иә, саған! Мені қыз дейсін бе? Өзін жина,- деп далаға шығуға бет алды.

- Ешқайда бармайсың! – деді Құндыз, оның алдына кес – кестеп, Сабағыңды оқыдың ба өзін?

- Оқыдым! Кеше оқығам, тек еңбек сабағынан орындаған жоқ.

- Неге?

- Қалай орындаймын? Апай балаларға да қыздар істейтін жұмыс тапсырды.

- Не тапсырып еді?

- Ей, қойшы. Қыздар тігіп апарса да болмайды ма? Ұл бала кесте тіге ме екен, айтшы өзін?

- Тіксе қайтеді? Қане, көрсетші, - деді Құндыз.

Алтай сәл ойланып тұрды да

- Мен қалай тігемін? Ұл кесте тікпейді! Папамның кесте тіккенін көрдің бе? – деді.

- Көрдім. Кесте тікпесе, түймесін өзі қадап, киімін өзі үтіктеп алады.

- Өтірік деші қане? Киім тігетін де папалар бар. Оны қыздың жұмысы деп шығарып жүрген сен!

Құндыз үстел үстін жинастыра бастады. Алтай не істерін білмей, қипақтап сәл тұрды да, оған көмектесуге кірісті. Ыдыс аяқтарды ас үйге тасып жүр.



- Құндыз, мен саған жәрдемдестім ғой... Кестемді тігуге көмектесші?

- Әкеле ғой-, деді Құндыз. Оны мандайынан сипап.

Алтай қуана күлімдеп, оның қасына отырды. Құндыз жібек жіп сабақтап алды да, шүберекке қарындашпен салынған гүл суретінің үстін бастыра тіге бастады.

-Міне, былай, - деді Алтайға,- көрдің бе? Инені былай ұстайсын, байқап отыр. Сонан соң мына сызықтың үстемін тіге бересін. Түк қиындығы жоқ. Мә, енді өзін тігіп көрші.

Алтай инені қолына алып, амалсыз тіге бастады.

- Ал, - деді Құндыз оған көрсете отырып, - не қиындығы бар екен? Осылай тіге бер.

Алтай мәз – мейрам. Тігіп отырған кестесі, шынында гүл болып шығып келе жатқан сияқты. Бұлардың үстіне шешесі де келіп қалды.

- Мама,- деді Алтай, орнынан ұшып тұра келіп, - мынаған қарашы, кесте тіктім.

- Өте жақсы, деді шешесі оған. Мынау – ұлдың, мынау қыздың жұмысы дейтіні жоқ. Білгенін зиян болмайды, балам.

Сұраққа жауап беру.

- Қыз бала мен ұл бала өара сыйластыққа қалай қол жеткізді?

**Мұғалімнің ойы.** Мектепте қыздар да, ұлдар да бірдей білім тәрбие алады. Оқушы мәртебесі бәріне ортақ. Сыныпта тату – тәтті болып, сыйластықта қарым – қатынас жасай білу – әдептіліктің бір белгісі. Тек мектепте ғана емес. Аулада да, көршілермен ұл қыз сыйласып, дос бола білген жөн.

Шығармашылық жұмыс: Ұлдар мен қыздарды екі топқа бөліп.

Ұлдарға: «Қыз баланың бойынан қандай жақсы қасиеттер көргін келеді?»

Қыздарға «Ұл баланың бойынан қандай жақсы қасиеттер көргін келеді?»

Тақтаға «Ел ұлымыен берік, қызымен көрік» деген сөзді іліп, мұғалім:

- Қазақ халқы ұлы дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды, деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан, ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке тенеяді. Мысалы: Қобыланды, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Төлеген сияқты. Қыздардан шыққа батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал, қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды мәз – мейрам болады. Өйткені, қыз бала тән сұлулығымен емес, жан сұлулығынын байлығымен өмірді мәнді, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға тенеяді.

### **Ойын.**

Ұлдардың қыздар туралы, қыздардың ұлдар туралы жақсы ойларын білу мақсатында «Егер ұл болсам....», «Егер қыз болсам...» атты ойын ойнату.

Қорытындылау. Сонымен, ұқыпты, сүйкімді, көрікті, сыпайы, бір-бірін ренжітпейтін, ауыр сөз айтпайтын, бәріне мейіріммен қарайтын, бір – бірін сыйлай білетін ұл – қыз болып өсу.

Жүректен жүрекке.



Оқушылар бір – біріне деген сыйластық қарым – қатынастарын жылы лебіздерімен білдіреді. Қатар тұрған көршісіне оның қолын қысып, жылы лебіз айтып, сонғы оқушыға жеткенше осылай жалғасыды.

Бәрі бірігіп:

Ермек Өтетілеуовтің «Ұл бала мен қыз бала» өлеңін дауыстап оқиды.

### **Ұл бала мен қыз бала**

Ұл бала мен қыз бала  
Бір мектепте оқиды  
Ұлға да ортақ, қызға да  
Білімді ойға тоқиды.  
Ұл бала мен қыз бала

Үйге бірге қайтады.  
Бар сырларын аз ғана  
Бір – біріне айтады.  
Ұл бала мен қыз бала  
Түсіністі, достасты.





